

"Kazsatnet" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 тамыздағы N 746 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 11 қарашадағы
№ 696 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.11.2016 № 696 қаулысымен.

Ұлттық спутниктік байланыс және хабар тарату жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Kazsatnet" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) құрылсын.

2. Қоғам қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып белгіленсін:

Қазақстан Республикасының ұлттық спутниктік байланыс және хабар тарату жүйесі саласындағы ағымдағы, ұзақ мерзімді, салааралық бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының деректерін спутниктік беру желісін құру және пайдалану;

Қазақстан Республикасында "электрондық үкіметті" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде деректерді беру қызметтерін ұсыну;

әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге және ақпаратты қорғаудың бірыңғай саясатын қамтамасыз етуге бағытталған тиімділігі жоғары ақпараттық технологияларды құру ;

деректерді беру саласында ғылымды қажетсінетін технологияларды құру жөніндегі ғылыми-зерттеу және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды жүргізу.

3. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қоғамның жарғылық капиталын республикалық бюджет есебінен 1425000000 (бір миллиард төрт жүз жиырма бес миллион) теңге мөлшерінде қалыптастыруды ;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағында көзделген мәселелерді реттеуге бағытталған қаулының жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қоғамның Жарғысын бекітсін және әділет органдарында оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігіне берсін;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-78-жолмен толықтырылсын:

"21-78. "Kazsatnet" ҰК" АҚ";

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :
көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 278-1-жолмен толықтырылсын:

"278-1. "Kazsatnet" ҰК" АҚ";

3) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 377 Қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі